

Қазақстан Республикасының Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына (Интерпол) кіруіне байланысты шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 20 шілде 1993 ж. N 629

Қазақстан Республикасының Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына (Интерпол) кіруіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Республикалық валюта қорынан кіру жарнасы төлеу үшін 69200 швейцар франкі және 1992 жылға мүшелік жарна төлеу үшін 1900 швейцар франкі мөлшерінде валюталық қаражат бөлсін;

- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі табыс еткен реквизииттер бойынша аталған соманы Интерполдың есебіне аударуды қамтамасыз етсін;

- жыл сайын Интерполға мүшелік жарнаны және есірткінің заңсыз айналымымен күрес жөніндегі аймақтық шараларға жыл сайынғы мүшелік жарнаның 20 проценті мөлшеріндегі қосымша жарнаны төлеуге 1993 жылы және одан кейінгі жылдары Республикалық валюта қорынан шетел валютасымен қажетті қаражат қарастыратын

болсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі министрліктің орталық аппараты үшін көзделген қолда бар штат саны мен қаржы шегінде министрліктің құрылымында штат саны 12 адамнан тұратын Интерполдың Ұлттық орталық бюросын (ҰОБ) құратын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК